

КПО 365

КПО 365 стратегиясы **«3» мақсатты** қамтиды. Олар жылдан жылға өзгеріссіз тұрақты болып қала беруі керек. Бұлар стратегияның негізгі іргетасы іспетті және стратегияның қалған элементтері осыларға негізделеді. Осы мақсаттар КПО-ны қызметі орнықты және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылған әлемдік деңгейдегі кәсіпорынға айналдыратын қозғаушы күштер болып табылады.

КПО 365 стратегиясында **«6» басым бағыт** қамтылған. Олар да тұрақты болып қалады, тек қажет болған жағдайда 3 жыл сайын жаңартылып отыруы керек.

КПО 365 стратегиясындағы әр басым бағыт **«5» жолды** қамтиды. Бұл жолдар – КПО-ның ұзақ мерзімді көздеген мақсатына жетуге жетелейтін жыл сайынғы қысқа мерзімді стратегиялар. Олар жыл сайын қайта қаралады және расталады/жаңартылады, содан кейін тиімділіктің жылдық негізгі көрсеткіштерімен байланыстырылады және кейін осы ақпаратты негізге алып, болашақтағы қызмет жоспарланады.

КПО БИЗНЕС СТРАТЕГИЯСЫ GRI 2-22, ТДМ 7, 8.4, 12, 13, 16.B, 17.14, 17.19

КПО-ның бизнес миссиясы – Қарашығанақ кен орнын қауіпсіз, сенімді және бәсекеге қабілетті жолмен өндіру және игеру арқылы барлық мүдделі тараптарға барынша табыс әкелу. КПО-ның бизнес стратегиясы бүкіл компания ауқымындағы стратегиялық және бизнесті жоспарлау үдерісімен байланысты және ТНҚ мен мақсат қою құралдарының көмегімен бүкіл компания бойынша таратылады.

2021 жылы КПО активтерін болашақта тұрақтырақ ету мақсатында КПО жаңа **«КПО 365 стратегиясын»**

әзірлеуге кірісті. 2022 жылы стратегияны компанияның басқа бөлімдерінің қолдауымен Өндіріс директоры әзірледі және стратегияны 2023 жылы аяқтау жоспарланған. Жалпы, «365» стратегиясы компанияны болашақта табысқа жетуге дайындауға бағытталған, стратегия мына үш негізгі мақсатқа негізделіп жасалған: **Құндылықтарымызға сәйкес өмір сүру, тұрақтылықты қамтамасыз ету және болашақты құру.**

МИССИЯМЫЗ

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» негізгі миссиясы – Қарашығанақ кен орнын экономикалық және экологиялық тұрғыдан оңтайлы жолмен игеру және жергілікті халық үшін әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Осы миссиямызға қол жеткізу мақсатында біз қызметімізге тұрақты даму қағидаттарын енгізуді жалғастырып келеміз. Яғни барлық қызметтерімізде біз келесілерді орындауға міндеттіміз:

- ▶ компания қызметімен байланысты теріс әсерді барынша азайту, ал мүмкіндіктерді барынша арттыру;
- ▶ қабылданған шешімдеріміздің ұзақ мерзімді салдарын ескеру;

- ▶ мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- ▶ Корпоративтік басқарудың озық әдістерін енгізу және ашықтықты қамтамасыз ету.

КПО-ның ұзақ мерзімді даму негіздерінде бекітілген тұрақты даму қағидаттарын, сондай-ақ КПО бизнес қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания өз қызметін БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге өз үлесін қоса отырып жүзеге асырады. **ТДМ 16.b**